



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

жағымды ырымға теңеп, қорқытып дүниеге келген баланың есімі Қорқыт болсын деп шешім қабылдайды.

Қорытындылай келе, Қорқыт ата - түркі халықтарының әділет пен адамгершілік, сабырлық пен төзімділік қасиеттерін насихат етіп қалдырған көпті білген, ойшыл дана.Өзінің жырларында Оғыз Қағанатының бірлігін нығайтуға, ары-қарай дамытуға шақырып, қарапайым халыққа мен мемлекет адамдарына көптеген өсиет қалдырып, жол көрсетті.

Артында қалған рухани мұрасы, сонымен бірге оның атына қатысты түрлі аңыз-әңгімелер тек түркі халықтарының ғана емес, күллі адамзат баласының болашағына қызмет ететін рухани қазына.

Сонымен қатар, Қорқыт ата тәңірлік дінінің тұсында болған атақты ойшыл. Ислам діні күшейіп, Қорқыттың мекеніне тарала бастайды. Алайда ғұлама ойшылдың бұл дінге қарсылық көрсеткені жайында түркі тілдес халықтарының арасында аңыздар, әфсаналар кең таралған. Бұл әңгімелер, Қорқыт айтты дейтін нақыл сөздер оның исламға мойынсұнған тақуа емес, тәңірлік ілімнің аса ірі өкілі екенін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш. Ибраев Қорқыт һәм «Қорқыт Ата кітабы»: ақиқат пен аңыз. //Базар жырау, 2012, №1.– 56 б.
2. Орыс тілінен ауд. Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. Алматы, Жазушы, 1986.– 128 б., суретті
3. Ә. Марғұлан. «Ежелгі жыр-аңыздар». А., 1985.– 135 б.
4. Ә.Нысанбеу бас редактор Қорқыт ата энциклопедиялық жинақ: Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы.– 1999.– 495 б.

ӘОЖ 3.82-2

«ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ СЕМАНТИҚАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Рүстемова Фариза Жандарбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
түрктану мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Мұсабекова Ү.Ә.

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы –антропонимика.

Антропонимика – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын – антропонимдерді зерттейтін ономастиканың бір тармағы. Антропономика сонымен бірге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді [1, 22 б.].

Антропонимдер есімнің шығу тарихы, қолданылу аумағы, сол есімді қолданған халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, тарихы мен әлеуметтік жағдайы жайлы көптеген маңызды мағлұмат беретін тілдік бірлік ретінде қарастырылады.

«Есімдер мен атаулар – әр дәуірдің ескерткіші, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре, ұлттық ерекшелігімізді әйгілей түскен тарих айнасы» [2, 105 б.].Осы және де басқа себептерге байланысты жалқы есімдерді зерттеу жалпы алғанда тарих үшін оның ішінде тіл тарихы үшін өте маңызды. Ономастика ғылымының зерттеу нәтижелері тіл білімі тарихы үшін, халықтың тарихы үшін, диалектология, этнография, археология, география, философия ғылымдары үшін құнды да маңызды дереккөз болып табылады.

Антропонимиканың теориялық негіздері В.Д. Бондалетов, Н.А. Баскаков, С.И. Зинин, Ю.А. Карпенко, А.А. Реформатский, А.М. Селищев, О.Н. Трубочев, Н.М. Тупиков, т.б.

ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Антропонимика саласы жалпы тіл білімі мен түркітану саласында, оның ішінде қазақ тіл білімінде көптен зерттеліп келеді. Қазақ ономастикасы тақырыбына Т.Ж. Жанұзақовтың, Ә.Т. Қайдаровтың, Г.Б. Мадиеваның, Б.М. Тілеубердиевтің, Қ. Жұбановтың кешенді еңбектері арналған.

Адам аттары, бірінші кезекте, адамның қоғамдағы орнын ажыратып көрсету үшін қойылады. Адам аттары қоғам үшін өте қажет. Олардың қоғамдағы рөліне қалай болса, солай қарауға болмайды. Оның мәніне, тұлғасына көбірек көңіл бөлініп, белгілі бір мақсат, тілекке сай қойылады.

Әдетте халық мәдениеті мен тұрмысына, шаруашылығы мен тарихына байланысты сөздердің кісі атына қойылып отырғанын көреміз.

Қазақ есімдерін зерттеуші ғалым Телқожа Жанұзақтың пайымдауынша, қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен заманнан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді [3, 11 б.].

Қазақ фольклорындағы қарасөзбен баяндалатын шығармаларды халық прозасы құрамына енгіземіз. Бұның басы ертегілер болып табылады. Ертегілер халқымыздың тарихын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, нанымын, дүниетанушылық көзқарастарын білдіреді. Алдағы көп нәрселерді болжаған халық кейінгі ұрпақтарының тұрмыс-тіршілігін жеңілдетуді, табиғаттың мылқау күштерін өзіне бағындыруды, соны жеңуді ерте заманның өзінде-ақ арман етіп, қиял дүниесін кезеді.

Халық ертегілерін уақытында М.Әуезов қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайындағы ертегілер және шыншыл ертегілер деп қарастырған болатын.

Ерте заманда туып, көне дәуірдің көріністерін сақтап келсе де, қиял-ғажайып ертегілер халқымыздың тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін көрсетеді. Әрине өмір шындығын қиял-ғажайып ертегілер тікелей, сол қалпында емес, эстетикалық тұрғыда бейнелейді. Өмірдегі тартыстар, болмыс-көріністер, әдет-ғұрыптар бәрі де халықтың эстетикалық рухына сай түзіледі.

«Ер Төстік» – қазақ қиял-ғажайып ертегілерінің ішіндегі ежелгі үлгісі. Мазмұны мен сюжеттік құрылысының, кейіпкерлері мен іс-әрекетінің сипатынан «Ер Төстік» ертегісі архаикалық мифтің, хикаяның, қиял-ғажайып ертегілердің қасиеттерін бойына молынан сіңірген.

«Ер Төстік» ертегісінде алғашқы қауым адамдарының ырымдары мен әдет-ғұрыптары да жиі кездеседі. Атап айтқанда Төстіктің жер астына түсіп, үстіне шығуы, оның Шойынқұлақпен айқасуы шамандық көзқарасқа тән түсінікті бейнелейді.

Сөз болып отырған ертегінің бас қаһарманы, эстетикалық мұраты – халық идеалы. Ертегі тек халық мұратын мадақтайды. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары – аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша бала және басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер. «Ер Төстік» те сондай кейіпкерлердің бірі. Онда классикалық батырлық ертегіге тән белгілердің бәрі бар. Сайыста кейіпкердің өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі – батырлықтан гөрі қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы.

Жалқы есімдер де жалпы сөздер сияқты халық аузында, күнделікті тұрмыста айтылып жүреді. Олар батырлар жырларында, ескі жырлар мен әндерде, халық аңыздарында, ертегілерде, жер-су атауларында үнемі кездесіп отырады.

Қазақ атаулыға мектеп қабырғасынан таныс қиял-ғажайып ертегілерінің бірі – «**Ер Төстік**» ертегісінде де антропонимдер біршама. Ертегідегі антропонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері бәрімізді қызықтыратыны белгілі. Ертегіде жалпы адамдар қиялынан туған 14 антропонимдер берілген. Мысалы, Ер Төстіктің әкесі – «*Ерназар*», ертегінің бас кейіпкері – «*Ер Төстік*», сүйікті жар – «*Кенжекей*, адал, айрылмас дос – «*Шалқұйрық*», Темір ханның қызы – «*Күңке*», сонымен қатар жағымсыз бейнедегі кейіпкерлер – «*Бекторы*», «*Шойынқұлақ*», «*Бапы хан*», «*Темір хан*», «*Кеңе хан*», фантастикалық кейіпкерлер – «*Желаяқ*», «*Көлжұтар*», «*Таусоғар*», «*Саққұлақ*».

Ертегінің басты кейіпкері – **Ер Төстік**. Бұл есім күрделі зат есімдер қатарына жатады, себебі **ер** және **төстік** деген екі морфемадан құралған. Бұл есімге осы саладағы зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, мынандай лингво-мәдени сипаттама жасауға болады.

Ерсөзіне «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» мынадай түсіндірме беріледі: «**Ер** зат. **1.** *Күйеу, бай, әйелдің жұбайы.* Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй, Қоржаң суық келеді кей сасық ми. *Ері* ақылды, қатыны мінезді боп, Тату болса, райыс үстіндегі үй (Абай, Тол. жин.). Тегінде адам басы сау бола ма? Бойында тексерілмес дау бола ма? *Ері* ашу айтса, әйелі басу айтып, Отырса, бұрынғыдай жау бола ма (Абай, Тол. жин.). Үйіңе тату құрбың келсе кіріп, Сазданбасын қабақпен имендіріп. *Ері* сүйген кісіні о да сүйіп, Қызмет қылсын көңілі таза жүріп (Абай, Тол. жин.). **2.** *Батыр, қаһарман, жаужүрек.* *Ер* мойында қыл арқан шірімейді (Мақал). *Ер* деп елді бұзғышты, Сұқсыр деп сұмырай қызғышты, Кезқұйрықты лашын деп, Кенеусізді асым деп, Жабыны шабан тұлпар деп, Құтқармайтын құмай деп, Төбетке қарғы таққандай (Д.Бабатайұлы, Заман сазы). Құрмет еткен кішіні үлкен аға, Сүйеніште *ерлерге* болған пана. Ғашық болып қосылған Ғалияжан, Өлеңменен сөйлейтін бірақ ғана (Балуан Шолақ, Екі мыңжылдық дала жыры)» [4, 328-329 б.].

Төстік бәрімізге белгілі қазақтың ұлттық тағамы. Сөзімізге дәлел ретінде «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» мынадай түсіндірмені келтіруге болады: «**Төстік** зат. **1.** *Малдың төс сүйегінің тұсы.* Созалаңдап атынан түсті де, айылын *төстіктен* тартып қойды («Білім және еңбек»). **2.** *Қой, ешкі сойғанда төс етін тұздап, отқа қақтап пісірілетін қазақтың ұлттық тағамы.* Біреулері бас үйітіп, біреулері отқа, бала күнін еске алып, бауыр, *төстік* пісіріп, енді бірі тегенеге қымыз сапырып құйып жүр (М.Жұмағұлов, Қыран.). Піскен *төстік* істіктен алынып, ұсақ етіп туралып, көкөніс қосылып, дастарханға қойылады (ҚҰЕ)» [4, 368-369 б.].

Қазақ тілінде адамға қатысты қолданылатын «ер» сөзінің екі түрлі мағынасы бар: а) жалпы еркек жынысты адам; ә) батыр, қаһарман, ер жүрек, жауынгер кісі. Көне түркі тіліндегі руникалық жазба ескерткіштерінде, XIV ғасырдағы түркі тілдерінде де «ер, ерен» сөзі батыр, жауынгер деген мағынаны білдірді [5].

Қазақтың эпостық қаһармандары Ер Қосай, Ер Тарғын есімдерінде «ер» сөзі, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр есімдеріндегі сияқты, «батыр» сөзінің синонимі ретінде қолданылған. Түркі тілдерінде «батыр» («баатыр» / «батур» / «баһадур») сөзі қолданысқа кейін еніп, көнеден келе жатқан «ер», «алып сөздерін ауыстырды».

Қазіргі кезде «**ер**» сөзінен басталатын қаншама есімдер бар. Мысалы: *Еркебұлан, Еркежан, Ерлан, Ерболат, Еркемай, Ерден, Ерсұлтан, Ерік*, т.б. Алайда заман өзгеруіне байланысты қазіргі кезде «Ер Төстік» есімі қолданылмайды. Қолданыстан шыққан күннің өзінде де ертегілердегі кейіпкерлер есімі халқымыздың тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін бейнелейді. Сол себепті де бұл есімдердің маңызы зор.

Халықтың ертегі, жырларында ерлермен қатар әйелдердің де жағымды образдары жасалған. Жағымды түрде алынған әйел образынан көбінесе ақылды, білгірліктің бейнесі аңғарылады, әйелдердің де ерлер тәрізді халық алдындағы борышын абыроймен атқара алатындығы суреттеледі. Мұны **Кенжекей** образынан да байқай аламыз.

Кенжекей ертегіде өзінің ақылды, білгірлік істерімен, жарға айнымас достығымен көрінеді. Сонымен қатар, Ер Төстік көп жыл бойына жер астында жүріп қалғанда, оның ел-жұрты енді Ер Төстік келмейді, жалмауыздың қолында қалды деп күдер үзген сәтте батырдың күшіне сенген ақылды Кенжекей ғана Ер Төстік келеді деп үміттеніп оны күтумен болады. Бұл оның жолдастыққа адалдығын, кіршіксіз махаббат иесі екендігін көрсетеді.

Бұл есімге осы саладағы зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, мынандай лингво-мәдени сипаттама жасауға болады.

Кенжекей (<кенже+кей>) есімі *түбір сын есім + -кей өнімсіз жұрнағының* жалғануы арқылы жасалған. **Кенже** түбіріне келер болсақ, бұл сөзге «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» мынадай түсіндірме беріледі:

«Кенже с ы н . *Ең соңынан туған (бала).* Жанәбіл *кенже* ұлының қолында тұрады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ардақты *кенже* жетім деп, Әлпештеді мені көп, Надандыққа болды сеп, Қақпай ешкім қабаққа (Ш.Құдайбердиев,

Шығ.). // *Жасы кіші, кейінгі, соңғы, ұл, қыз*. Мен өзім алты қыздың *кенжесімін*, Солардың еркесімін, өзге сырым. Әкеме ерген еркін бір жігітке Беріп ем сүйемін деп сөз кесімін (Қ.Бекхожин, Мамырстан). Ағаңның қартайғанда көрген жалғыз қызы, жалама тұзы еді. Әрі баланың *кенжесі* еді (Е.Оразақов, Дәрігер.). // *Кейіндеп, кештеп, соңынан*. Апрель, май айларында *кенже* туған қозылар шөп қурағанға дейін жақсы семіріп үлгірмейді (М.Төлешов, Қой. қоздату.). Ақылы аздар алпыста да бала ғой. Содан *кенже* қонады екен байғұстарға талап, ой (Ж.Нәбиуллин, Таныс әуен.) ». Ал, **-кей**жұрнағына келер болсақ, «Қазақ грамматикасында» *-қай, -кей* өнімсіз жұрнақтар қатарына жатқызылады [6, 608 б.]. Т.Жанұзақовтың «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде *- қай, -кей, - и, -қан (-кен), -тай (-ай, -й), -дай (-тай), -жан, - шүк, -м (-ым, -ім), -қ (-ақ)* аффикстері еркелету, кішірейту мәнде қолданылады [7, 157-162 б.] .

Әрине бұл дұрыс түсініктеме, себебі қазақта да соңғы туған сәбиге, үйдің кішісі ғой деп Кенжебек, Кенже, Кенжетай, Кенжекүл, Кенжекей, сияқты есімдерді қоюшылық бар. Қазіргі күні де қолданыста жиі кездесетін есімдер қатарына жатады.

Кенжекей бейнесін тарихта өшпестей есімдері қалған, қиын-қыстау кезеңдерде қол бастап, тұтас елге басшы бола білген Тұмар ханша, Айбике Ару, Айғаным Сарғалдыққызы сияқты әйел-аналарымыздың образдарынан көруге болады. Ерінің көмекшісі бола білген әйел, елінің де жоғын жоқтап, мұңын мұндай біледі, қамқоршысы бола алады.

Ертегінің қызықты болуы, қиял-ғажайып әңгімелерге құрылуы жағымсыз кейіпкердің ісіне де байланысты. Ертегідегі фантастикалық әңгімелердің көбі осы жағымсыз кейіпкердің іс-әрекеттерінен, олардың жағдайларынан туып отырады.

Бұл топтағы ертегілердің қайсысында болса да, жағымсыз кейіпкерлер адам баласына жасаған қаскүнемдік, жауыздық іс-әрекеттері, сиқырлы-жәдігөйлік айла-әдістерімен, алдамшы аярлығымен көрінеді. Олар неше түрлі ғажайып бейнеде суреттеледі. Ең алдымен бұлар өздерінің қастық ісін жүзеге асыру үшін сан алуан түрге еніп, құбылып отырады, әр түрлі айла-амал жасап, адам баласымен жақындасады; адамға дос болғансып жүреді немесе адам баласының аяушылық білдіруін көздеп, сиқырлықпен бейшаралық халге түседі.

Жағымсыз кейіпкерлердің бұл секілді кескіндері, жауыздық іс-әрекеттері «Ер Төстік» ертегісінде де суреттеледі. Мұндағы **Бекторы, Темір хан, Шойынқұлақ, Бапы хан** т.б. адам баласына қастық жасаушылар ретінде алынады да, бұлардың образы дараланып жасалады, әрқайсысының өздеріне тән іс-әрекеттері, айла-амалдары дараланып көрсетіледі. Жағымсыз образдағылардың іс-әрекеттерінен суреттей отырып, халық өздерінің ертегі-әңгімелерінде, жырларында сөз ететін жағымды образдағы кейіпкердің бейнесін арттыра түседі.

Ертегідегі зұлымдық пен екіжүзділікті жер асты ханы **Темір хан** образынан көруімізге болады. Жылан-баба Ер Төстікті Темір ханның еліне жұмсайды. Оның елі «әлдебір таудың түбінде, терең көлдің жағасында» делінеді. Бұл жерде осы ел мен оның ханының есімін жеке-жеке қарастыруға тура келеді, өйткені, ертегі бір-біріне жақын келетін екі түсінікті араластырып жіберген. Біріншіден, «жер астындағы әлдебір таудың етегіндегі, әлдебір терең көлдің жағасындағы» елдің тікелей параллельді шумер мифологиясында сақталған. Ол – Абзу кеңістігі. Шумер мифі бойынша Абзу – жер астындағы тұщы сулардың ғаламдық мұхитының атауы. Яғни, Абзу бір жағынан, су дүниесі болса, екінші жағынан, жер астындағы қуыс кеңістік. Оның екінші бір атауының «Энгурра» деп аталуы да сондықтан, өйткені, шумерлік «энгурра» сөзі мен қазақтың «үңгір» сөзі бір түбірден өсіп шыққан сөздер. «Абзу» сөзінің өзі түркілік «абак» (абас > абұс > абсұ) сөзінен шыққан. Сонымен, Ер Төстіктің баратын жерасты дүниесі мен Темірхан елі де шумерлік Абзуға (Энгурраға) параллель боларлық прототүркілік дүние.

Абзудың иесі – Энки, «энгурра» атауы да осы Энки есіміне байланысты, ал «Энки» сөзінің қазақша сәйкесі – «үңгі», «үңғы», яғни, әлдебір тесік, шұңқыр, үңгір ұғымдарына негіз болған праформа болып табылады.

Ал енді осы **Темір хан** есіміне Т.Жанұзақовтың «Есімдер сыры» атты еңбегінде мынадай түсініктеме беріледі: «**Темірқан** – темір сияқты мықты хан. Синонимі – Хантемір »

[8, 148 б.].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» мынадай түсіндірме беріледі:

« **Темір** зат. **1.**

Берік және салмақты металл; шойын мен болаттың негізгі бөлігі. Тас кима, *темір* қақпа, шойын құлып, Тым-тырыс. Жалғыз-ақ жел тұр ғой ұлып. Сасық та, қараңғы да, аш һәм ауру, Кім жатыр екен, әке, тірі өліп? (М.Жұмабаев, Шығ.). Мынау кім деп сұрасам, Сейіт байдың әкесі Қоңырбай екен сол адам. Оттан киген тоны бар, *Темір* шоқпар қолында, Біреу келді оңынан, Біреу келді солынан, Шырқыратып, шырлатып, Жетектеп жүр қолынан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** ауыс. *Шыдамды, төзімді.* Ол дағы ақылынан кетті адасып, Жүрегін ескі дерті қайта басып, Болса да жаны *темір* шыдата ма Қоштасып жазылған хат амандасты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.)» [4, 14 б.].

Ертегілік **Темір образы** іс жүзінде тарихта болған *Ақсақ Темір* образынан бөлек, бірақ, XV-XIX ғасырлардағы ноғайлы-қазақ аңыздық жады ежелгі ертегілік Темір образы мен тарихи Темірлан образын біріктіріп жіберген. «Темір» есімді кейіпкерлер «Күн астындағы Күнікей қыз», «Тотан батыр» , т.б. ертегілерде бар және де, осылардың барлығында да Темір хандар бір сипатты – «жерасты елінің билеушілері» болып табылады. Біз осы ертегілік-мифтік Темір образының табиғатын Маңғыстауда, Каспий (Хасарлы) теңіз жағалауында тұрған Темір-бабаға қатысты аңыздардың мифтік сипатын іздестіру барысында анықтадық. Сондықтан, Ақсақ Темірден бұрынғы заманда да «ертегілік Темір» образының болғандығын сенімді түрде айта аламыз. Міне, осы ертегілік Темірлерге орны мен сөздік тұрқы жағынан сәйкес келетін шумерлік параллельдің есімі ретінде Думузиді, семиттік Таммузды атауға болады (Темір > Думузи).

Шумерлік **Думузи** де – жерасты дүниесімен байланысты мифтік бейне, ол Нингишзидамен бірге «о дүние елінің қақпасын күзетуші» болып есептеледі. Міне, «о дүниелік» Думузи мен «жерастылық» Темір хан бір текті кейіпкерлер болып тұр. Бір қызығы, Думузимен бірге күзетші болып тұрған Нингишзиданың келбеті назар аудартарлық, ол – кейінгі шумерлік-аккадтық мифте еркек сипатын иеленіп, «жер асты патшалығының әміршісі Ниназудың баласы» ретінде көрінгенімен, бастапқыда әйел сипатты кейіпкер болған мифтік тәңіріе. Ең бастысы, ол – мүйізді жылан және «иығынан өсіп шыққан екі жыланы бар» пенде түрінде суреттеледі [9, 221 б.]. Осындай Нингишзида бейнеленген кубок Лагаш қаласының орнынан табылған, б.з.д. XXII ғасырға жатады. Бұл – «Ер Төстік» ертегісіндегі Жылан-баба хан ордасының алдын күзетіп тұрған «екі қара жыланның» параллелі. Міне, бұл жерде де «Ер Төстік» ертегісінің мифтік фрагменттері бізді б.з.д. 5-4 мыңжылдықтардағы Шумер маңы кеңістігіне, яғни, Иран мен Оңтүстік Кавказ ареалына алып бара алады.

Ерте кезде қазақтар ат қою дәстүріне өте қатты мән берген. Қазақтар төзімі темірдей қайратты, жігері болаттай берік болсын, темір сияқты мықты болсын деген сеніммен баласына *Темірлан, Теміржан, Темірқұл* сияқты ат қоятын болған. Бұл есімер қазіргі күні де қолданыста бар.

Жағымсыз образдарды сомдайтын тағы бір кейіпкер – *Жылан-Бапы хан*. Ертегі желісі бойынша Ер Төстік жер астына түскеннен кейін ең алдымен Жылан-Бапы ханның еліне барады.

Жылан-Бапы хан немесе Жылан-Баба-хан – прототүркердің мифологиялық түсінігіндегі «ата-баба елінің әміршісі» (өлілер дүниесіндегі ата-баба еді). Бұл түсініктің қалыптасу уақыты – б.з.д 5-4 мыңжылдықтар, яғни прототүрктік тілдің протоэлам және протодравид тілдерінен ажырамай, біртұтас тілді қауым болып тұрған кезі. Территориялық тұрғыдан бұл – Оңтүстік Кавказ немесе Солтүстік-Батыс Иранның бір тұсы. Бұлай дейтін себебіміз – жылан культі мен жылан тотемі (жыланды ата-баба деп есептеу) белгілі тарихи халықтар ішінде тек дравидтерде және эламдықтарда ғана жақсы дамыған. Дравидтік мифология хақында: «Следует отметить широкое распространение культа змей, которое ассоциировалось с дождем, плодородием, богатством и часто рассматривались как хранители домашнего очага»–делінген[10,393 б.].Сондайсипатэламдықтарға да қатыстыайтылады: «Одна из наиболее характерных черт эламской мифологии – почитание змеи как символа изобилия, плодородия и вечности; змеи нередко изображались с человеческими

головами»[10,659 б.].

Ең бастысы – қазақ ертегілерінен де, қазақтың наным-сенімдерінен де арғы қазақтарда бір кездері жылан культінің болғандығы анықталған, өйткені Ер Төстік баратын Жылан-Баба хан образы басқа ертегілерде де кездеседі, осындай қайталама түсініктер «Ертегілер жинағының» бес томдығындағы 11 ертегісінде кездеседі, яғни бұл – тұрақты, кеңінен таралған прототүрктік түсінік.

Бапы (<бап+ы>) есімі түбір зат есім + **-ы** тәуелдік жалғауының III жағының жалғануы арқылы жасалған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **Бап** сөзіне төмендегідей түсініктеме берілген.

Бап зат. **1.** *Күтім, жай, күй.* Бұл Ырғызбайлар... мына қаланың өзінде де ылғи осындай күтім мен *бап* көріп келеді (М.Әуезов, Абай.). Ат шаппайды, бақ шабады, Бақ шаппайды, *бап* шабады (Мақал-мәтел). Егін бақ таңдамайды, *бап* таңдайды (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). **2.** *Нақыш, нақыс, нәш.* Нәзгүл байыпты үлкен адамдарша *баппен* сөйлеп отыр (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). **3.** *Жағдай, жай, мән.* Досеке оның ұлы болды нешік, Жасынан ғылымдықты етті кәсіп. Шарифат ғылым *бабын* бірден ашты. Артылып күннен күнге талабы өсіп (Кердері Әбубәкір, Қазағым) [4, 705 б.].

Енді – **ы** жұрнағына келер болсақ, «Қазақ грамматикасында» қазақ тілінде үшінші жақ тәуелдік жалғауының **- ы // - і, - сы // - сі** көрсеткіші сөзтүрлемдік қана емес, сонымен қоса сөзжасамдық та қызмет атқарады. Мысалы тіліміздегі «*жетісін бері*», «*жетісін өткізу*», «*жетісі қашан*», «*қырқы өтпей жатып*» сияқты сөз орамдарындағы жетісі, қырқы дериваттары осы тәуелдік жалғау арқылы есептік жеті және қырқы сан атауларынан жасалған. Жоқтау өлеңдері өлген адамның қазасы үстінде немесе *жетісі, қырқы, жылы* деп аталатын кездерде айтылатын (Ғабдуллин) [6, 307 б.].

Қорыта келгенде, «Ер Төстік» ертегісіндегі антропонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін анықтау жұмысымының негізі болып табылады.

Зерттеу барысында 14 қиялдан туған антропонимдердің 9 жағымды кейіпкер, 5 жағымсыз кейіпкер екендігі анықталды. Антропонимдерге жеке-жеке тоқталып, олардың сыры мен астарлы мәніне сөздіктер негізінде және өзімнің талдауым нәтижесінде анализ жасадым.

«Ер Төстік» ертегісіндегі антропонимдердің жасалу жолдарын анықтау барысында қазақ халқы түрлі антропонимдерді ырыммен, сеніммен, салт дәстүрге негіздеп қойғандығы байқалады. Мысалы, ертегідегі басты кейіпкер – «Ер Төстік» антропониміндегі «*ер*»сөзі көне түркі тіліндегі руникалық жазба ескерткіштерінде, XIV ғасырдағы түркі тілдерінде де «ер, ерен» сөзі батыр, жауынгер деген мағынаны білдіретін болған.

Қазақтың эпостық қаһармандары Ер Қосай, Ер Тарғын, Ер Тұңға есімдерінде «ер» сөзі, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр есімдеріндегі сияқты, «батыр» сөзінің синонимі ретінде қолданылған. Қазақ халқы да баласының өскенде ержүрек, елін, жерін қорғайтын, намысты қолдан жібермейтін батыр болсын деген ниетпен ұлдарына «ер» тіркесімен келетін есімдер қоятын болған. Қазіргі кезде де мұндай есімдер өте көп. Мысалы: *Еркебұлан, Ерсұлтан, Ербол, Ерболат, Ерлан, Ерден, Еркін*, т.б.

Ертегідегі «Темір» антропонимнің қойылу себебі ата-анасы баласының темірдей мықты, қайратты, жігерлі болсын деген ниетпен қойылған. Соңғы туған нәрестеге Кенже, Кенжекей, Кенжебек деп ат қою қазақтардың ырымы табудың мысалы болып табылады. Себебі жаңа түскен келін өзінен кіші қайны інілерін, сіңілілерін атымен атамай, оларды еркелетіп осы сияқты есімдерді қоятын болған. Бұл бір жағынан кішіге деген ізеттілікті, сыпайылықты көрсетеді. Әр есімнің астарында өзінің бір құпиясы бар іспетті.

Антропонимдердің лингвистикалық, яғни тілдік тұрғыдан талдануының маңызы зор, себебі антропонимдер әр дәуірдің ескерткіші, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре, ұлттық ерекшелігімізді әйгілей түскен тарих айнасы. Осы және де басқа себептерге байланысты ертегілердегі антропонимдерді зерттеу жалпы алғанда тарих үшін оның ішінде тіл тарихы үшін өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
2. Қожанов О. Қазақ ономастикасының нормативтік актілерінің жай-күйі // Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: «Ақжол-Баспа» 2004. – 224 бет.
3. Жанұзақов Т. Есбаева К. Қазақ есімдері (анықтама сөздік). – Алматы: Ғылым, 1988. – 480 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. : Қ.Күдерінова. О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 744 б.
5. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. –Кн. 1. – М.: Наука, 1979. – 478 с.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
7. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
8. Жанұзақ Т. Есімдер сыры. – Алматы, 2004 ж. – 208 б.
9. Әбдуәліұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфия», 2012,– 320 б.
10. Мифы народов мира. В 2-х ч / гл. ред. С.А Токарев. – М.: Сов. энциклопедия, 1992. – 719 с.

ӘОЖ 82.091:94(574)

МАҒЖАННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ

Рысқұл Элеонора Набатбекқызы

eeeleonoraaa777@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 5В021014- «Шетел филологиясы»

мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Жалмырза

Мағжан Бекенұлы Жұмабай 1893 жылы маусымның 25-і күні Ақмола губерниясының Ақмола уезінде (Полуденовский болысы) дүниеге келген. 4 жастағы бала Мағжан әкесінің өз балалары мен туыстары үшін құрған үй мектебінде ауыл мұғалімінен алғаш хат тани бастайды. Мұғалімі білімді, шығыс тілдерінің біразын меңгерген башқұрт жігіті Ахмеддин Аханов болатын. Ахмеддин ұстаз Мағжанға шығыс тілдері мен әдебиетін ғана үйретіп қоймай, сонымен қатар арифметика мен жағрафия сабақтарынан да дәріс берген еді.

1905-1910 жылдарда Мағжан қазіргі Петропавл қаласы, ескі Қызылжардағы медреседе білім алған. Бұл медресені арап, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген, Истанбулда оқып, дәріс алған, ауқатты отбасынан шыққан Мұқаметжан Бегишев ашқан еді.

1910 жылы медресені жақсы үлгеріммен бітірген соң, бұған қанағаттанбай, Ғалия медресесіне түсу үшін Уфаға аттанады. Медресе ол кездерде Жоғары діни оқу орны дәрежесімен бір еді. Мағжан бұл медреседе сабақ беретін ұстаз, белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады.

Болашақ ақын талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов оған білімін әрі қарай көтере түсу керектігін айтып, ақыл-кеңес береді. Осыдан соң Мағжан Жұмабай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түсіп, біраз уақытқа сол қалаға тұрақтап қалады. 1912 жылы Қазан қаласында “Шолпан” атты тұңғыш жинағы басылып шығады, оған Ғалымжан Ибрагимов көп жәрдем еткен. Өлеңдер жинағы өзінің сөзімен, қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абай жинағы бұл кезде